

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қарағанды қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 қарашадағы V шақырылған XLI сессиясының № 363 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 2898 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 96 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 27.09.2023 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 Қаулысына сәйкес әзірленген және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау мақсатында Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қарағанды қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасы бекітілсін.

2. Қарағанды қаласының әкімдігіне осы шешімді жүзеге асыру бойынша қажетті шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған II сессиясының 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 41 "Ұлы Отан соғысындағы Женіс күніне азаматтардың жекелеген санаттарына жыл сайынғы біржолғы материалдық көмек көрсету туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-1-153 болып тіркелген, 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 051 (957) "Взгляд на события" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы Жанділ Ахуанұлы Мұқтаров) жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

Қалалық мәслихат

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарағанды қаласының
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Ж. Ысқақов
2014 жылғы 27 қараша

Қарағанды қалалық
мәслихатының
2014 жылғы 27 қарашадағы
№ 363 шешімімен бекітілді

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қарағанды
қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
Қағидасы**

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қарағанды қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 Қаулысына сәйкес әзірленіп және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетудің мақсаты халықтың әлеуметтік осал санаттарының өмір сүру деңгейін қолдау және осы мақсаттарға бағытталған бюджеттік қаражатты атаулы және ұтымды қолдану болып табылады.

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.11.2020 № 592 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – қыын өмірлік жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша қала әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен құнкеріс деңгейі – статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке құндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке құндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – айна отбасының әрбір мүшесіне келетін отбасының жиынтық табысының үлесі;

6) өмірлік қыын жағдай – өз бетінше еңсере алмайтын, азаматтың әрекет етуін объективті түрде бұзатын жағдай;

7) өкілетті орган – "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) өкілетті үйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Қарағанды қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 3-тармақта өзгерістер енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 24.08.2016 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде қыын өмірлік жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – Алушыларға) жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) беретін ақшалай немесе заттай нысандағы көмек түсініледі.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 229 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылда 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізімі :

- 1) Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15 ақпан;
- 2) Наурыз мейрамы – 21-23 наурыз;
- 3) Отан қорғаушы күні – 7 мамыр;
- 4) Женіс күні – 9 мамыр;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні – 4 маусым;
- 6) Астана күні – 6 шілде;
- 7) Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – 30 тамыз;
- 8) Қарттар күні – 1 қазан;
- 9) Республика күні – 25 қазан;
- 10) Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан

Ескеरту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 229 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Участекелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстық әкімдігімен бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек Алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.11.2020 № 592 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек Алушылар тізбесі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері:

Ұлы Отан соғысына қатысуышылар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (бұдан әрі – КСР Одағы) қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткөрген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қымылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол участекелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теніз базалары мен әуеайлақтардың құрылыштарында жарапануы, контузия алуы, мертігуі

немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кенес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кенесшілерді қоса алғанда);

оку жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын құзетуді қүшетту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

3) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сіңірген жылдарына

есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

4) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер;

Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары;

5) еңбек ардагерлері:

Социалистік Еңбек Ерлери, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері;

"Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарына ие болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

6) қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;

сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары;

Ауғанстандағы қымылдары кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

7) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы);

8) 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;

9) 1979 жылғы 1 желтоқсан – 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер;

10) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлері; екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы).

11) 75 жасқа толған және одан асқан тұлғалар;

12) Қарағанды қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиленетін және білім алатын балалары бар көпбалалы отбасылар;

13) адамның иммун тапшылығы вирусынан туындаған ауруы бар балалар;

14) туберкулез ауруы бар тұлғалар;

15) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі "Жаппай саяси күғын-сүргіндер құрбандарын актау туралы" Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес акталған тұлғалар;

16) бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

17) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар;

18) санаторий-курорттық емделуге жеке оңалту бағдарламасы бар, әлеуметтік қызметтер Порталы арқылы санаторий-курорттық емделуге жолдаманы таңдаған

он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар, он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші , екінші, үшінші топтағы мүгедек балалар мен 1 топтағы мүгедектер.

19) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар, сонымен қатар көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 229 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.05.2023 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызуудың негіздері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) жан басына шаққандағы орташа табыс ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,5 еседен аспауы негіздеме болып табылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 20.05.2015 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2021 № 31 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келген кезде азаматқа әлеуметтік көмек оқиға болған кезден бастап бір жылдың ішінде ұсынылады.

11-1. Тұрғын үйді, көп қабатты тұрғын үйді газдандыруға біржолғы әлеуметтік көмек:

ұш ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысы болған және оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда, Қарағанды қаласында газдандыруға жататын жергілікті жеке тұрғын үйде, көп қабатты тұрғын үйде тұратын, оның жеке меншік иесі немесе жеке меншік иесінің отбасы мүшелері болып табылатын жасы бойынша зейнеткерлерге, бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасыларға , көп балалы аналарға және көп балалы отбасыларға, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жетім баланың (жетім балалардың) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың (балалардың) қамқоршыларына немесе қорғаншыларына жүргізіледі. Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын

жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдар үшін біржолғы көмек табыс есебінсіз көрсетіледі.

Әлеуметтік көмектің көлемі газ құбырын орнату және жүргізуге байланысты өтініш берушінің нақты шығындарының негізінде анықталады.

Біржолғы әлеуметтік көмек газ жабдықтарын орнатуға шарт жасалған сэттен бастап бір жыл ішінде беріледі.

Ескерту. Қағида 11-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 29.06.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда – Қарағанды қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 229 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Әлеуметтік көмектің шекті шамасы 100 (жуз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерін құрайды.

13. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО келісімі бойынша бірынғай мөлшерде белгіленеді.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3-тaraу. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.11.2020 № 592 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Атаулы күндер мен мереке күндеріне бір уақытта бірнеше негізде әлеуметтік көмек алуға құқығы бар тұлғаларға көмектің бір түрі көрсетіледі.

16. Осы Қағиданың 9 тармағында көрсетілген санаттар бойынша "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясының және өзге ұйымдардың ұсынымымен атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тізімі бойынша өтініштер талап етілмей көрсетіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.04.2019 № 389 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Өмірде қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне өтінішке қоса мынадай құжаттармен:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатпен;
- 2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;
- 3) өмірде қызын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.11.2020 № 592 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.11.2020 № 592 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі өтініш келіп түсken кезде "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

20. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген, Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 2 және 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жібереді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 17.03.2021 № 31 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

21. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарau үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

22. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тиісті мәліметтерді қамтитын өзге өкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

23. "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі участекі комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

24. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

25. "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 21 және 22 тармақтарында көрсетілген жағдайларда "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

26. "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.

27. Алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 24.08.2016 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

27-1. Алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешім 27-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 24.08.2016 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.10.2017 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

27-2. Алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешім 27-2-тармақпен толықтырылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 24.08.2016 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

27-3. Алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешім 27-3-тармақпен толықтырылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 24.08.2016 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 11.04.2018 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

28. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

29. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4-тaraу. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.11.2020 № 592 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

30. Әлеуметтік көмек:

- 1) Алушы қайтыс болған;
- 2) Алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) Алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) Алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

31. Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

32. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5-тaraу. Қорытынды ереже

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.11.2020 № 592 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

33. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингін және есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" және "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 24.08.2016 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін
белгілеудің және Қарағанды
қаласындағы мұқтаж
азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін
айқындау Қағидасына
1 қосымша

Отбасыны тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 17.03.2021 № 31 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін
белгілеудің және Қарағанды
қаласындағы мұқтаж
азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін
айқындау Қағидасына
2 қосымша

**Әмірде қызын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ**

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 17.03.2021 № 31 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін
белгілеудің және Қарағанды
қаласындағы мұқтаж
азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін
айқындау Қағидасына
3 қосымша

№ _____ Участковая комиссияның қорытындысы

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 17.03.2021 № 31 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).